



ПРИОЗЁРСКИЙ

18+

№ 20/664

15 мая 2020 года

Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Соңғы екі ай еліміз үшін оңай болған жоқ. Дағдарыс әлі толық енсерілмей тұр.

Дегенмен, індеттің шарықтау шегінен өттік.

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия ауқымды жұмыс атқарды.

Халықтың денсаулығын сақтау, олардың табысын арттыру және бизнесін қолдау үшін 500-ге жуық шешім қабылданып, жүзеге асырылды.

Енді Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі комиссия Экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік комиссия болып қайта құрылады.

Бүгін бүкіл еліміздегі төтенше жағдай режимі аяқталды.

Алайда, кейбір аймақтарда дерттің таралуы бәсеңдемей отыр.

Індет толығымен жойылып кеткен жоқ. Пандемия халықтың денсаулығына әлі де қауіпті.

Сондықтан карантиндік шектеулер әр өңірдегі жағдайдың жақсаруына қарай біртіндеп алынады.

Соған қарамастан көптеген саланың қызметі қалпына келе бастады.

Қазірдің өзінде 1 миллион 100 мыңнан астам азамат жұмысқа шықты.

Бүгіннен бастап еліміз бойынша дүкендердің біразы ашылады, сән салондарының, білім орталықтарының, тағы басқа нысандардың қызметі қайта жанданады. Саябақтар ашылады.

Жолаушыларға арналған әуе тасымалының жұмысы қалпына келеді.

Бұған дейін 6 қаланың әуежайы ашылған болатын. Енді оған тағы 7 қала қосылады.

Көптеген шектеулер алынып тасталды. Алайда, күнделікті өмірде сақтық шараларын қатаң ұстанған жөн.

Үкімет жаңа санитарлық ережелерді дайындап, енгізуі қажет. Шағын, орта, ірі компаниялар жаңа ережелерге сәйкес жұмыс істеуі керек.

Әлеуметтік арақашықтықты сақтау, көпшілік жиналған жерде бетперде тағып жүру қалыпты жағдайға айналуда тиіс.

Облыстар арасындағы көлік қатынасына қатысты шектеулер қала береді.

Қоғамдық көліктер жартылай жүктемелен жұмыс істейді.

Жолаушылардан бетперде тағу талап етіледі.

Көшеде топтасып жүретіндер 3 адамнан аспауы керек.

Мемлекеттік қызметшілердің 50 пайызы қашықтан жұмыс істей береді.

Жеке кәсіпорын басшылары қанша қызметкерді жұмысқа шығаратынын өздері анықтауға тиіс.

Жұрттың көбі әлі де үйде отыра тұрғаны дұрыс болар еді. Бұл – ең алдымен, адамның қауіпсіздігіне байланысты мәселе.

Жұмыс орнында әлеуметтік арақашықтық және қатаң санитарлық режим сақталуы қажет.

Індеттің екінші кезеңі басталып кетуі мүмкін.

Сондықтан, өзіміздің аман-саулығымызға, ең алдымен, өзіміз жауапты болуымыз керек.

Індет қайта өршіген жағдайда Үкімет

нақты шұғыл іс-қимыл жоспарын дайындайды.

Өздеріңізге мәлім, менің тапсырмам бойынша елімізде дағдарысқа қарсы шаралардың екі топтамасы жүзеге асырылуда.

4,5 миллионнан астам адамға 42500 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілуде.

1 миллионнан астам азаматқа азық-түлік пен тұрмыстық заттар үлестірілуде.

Коммуналдық төлемдердің тарифі төмендетілді.

түсетінін болжап отыр.

Осындай жағдайға қарамастан, еліміз бірқатар басымдыққа ие болып отырғанын айтқым келеді.

Бізге қаржы резерві жеткілікті және мемлекет қарызының көлемі мүмкіндігімізге орайлас.

Ең бастысы, біз жаңа ахуал жағдайында жұмыспен қамтамасыз ету және экономикалық тиімділікті арттыру үшін ресурстарды қайда жұмсау керектігін білеміз.

Енді дағдарыс кезіндегі және одан кейінгі дамудың басымдықтарына тоқта-



Оны төлеу үшін аса мұқтаж жандар қосымша көмек алады.

2 миллионға жуық азаматтың несие төлеу мерзімі кейінге шегерілді.

Қолжетімді несие беру, көктемгі егіс науқанын жүргізу, жұмыс орындарын ашу және сақтау үшін айтарлықтай қаражат бөлінді.

700 мыңнан астам компания мен кәсіпкерлер үшін салық жүктемесі азайтылды.

Сол арқылы олар 1 триллион теңгеге жуық қаржы үнемдеуге мүмкіндік алды.

Жұмыс барысында олқылықтардың болғанын да мойындауымыз керек.

Індет көп таралып, экономикалық мәселелер қатты ушығып кеткені рас.

Соған орай, біз дер кезінде шұғыл шаралар қабылдадық.

Көптеген мәселе қоғам өкілдерінің белсене қатысуы арқылы шешілді.

Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырудың маңызды кезеңіне айналды.

Коронавирус пандемиясы әлемдік рецессияның басталуына себеп болды.

Тіпті ұзаққа созылатын экономикалық дағдарысқа да алып келуі әбден мүмкін.

Жер-жерде протекционизмнің күшеюі белең алууда.

Экономиканың тұтас салалары тоқырауға ұшырап жатыр.

400 миллионнан астам кәсіпорын банкрот болудың алдында тұр.

Әлемдегі еңбекке жарамды халықтың жартысына жуығының табысы азайды.

Сарапшылар жаһан экономикасы соңғы жүз жыл ішінде болмаған деңгейге

лып өтейін.

Ең бастысы – барша азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау.

Азаматтардың табысын арттыру.

Бизнесі қолдау және оны дамыту. Білім және ғылым жүйесін жетілдіру.

Жуық арада ең өзекті деген мынадай мәселелерді шешуіміз керек.

Бірінші. Қазақстан экономикасының өзін-өзі қамту деңгейін арттыру.

Осыған орай еліміздегі қуатты шикізат базасы негізінде өнеркәсіп саласындағы өңдеудің тың тәсілдерін дамыту қажет.

Біз Қазақстан экономикасының келешектегі құрылымына жаңа көзқараспен қарауымыз керек.

Оның өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету сияқты басты салаларының ролін айқындаған жөн.

Басқаша айтқанда, шұғыл түрде экономиканың жаңа құрылымын қалыптастыруға тиіспіз.

Энергетика секторына айтарлықтай реформа жүргізу қажет.

Дағдарыстан кейін бұл сала бұрынғыдай болмайды.

Орта мерзімдегі кезеңде «жасыл энергетикаға» бет бұру – аса маңызды міндет.

Индустрияландыру үдерісіне қатысты ұстанымды қайта қарау қажет.

Экспорттық және ішкі нарықтардағы нақты мүмкіндіктерді айқындауымыз керек.

Бұл ретте алға қойған мақсаттарды, әдіс-тәсілдерді белгілеп, ілгерілей түскен жөн.

Мемлекеттік сатып алу мен квазимем-

лекеттік сектордың сатып алу жүйелерін тиімді пайдалану – экономикалық белсенділікті қалпына келтірудің бірден-бір жолы.

Отандық тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған мемлекеттік сатып алудың ерекше тәртібі биылғы тамыз айына дейін жалғасады.

Өз материалымызды және құрал-жабдықты барынша пайдалану бизнесті дамытуда басты талабы болуға тиіс.

Инфрақұрылымдық бағдарламалар бойынша жергілікті мүмкіндікті пайдалану деңгейін 40 пайыздан 60-70 пайызға дейін жеткізу керек.

Үкіметтің, әкімдердің және ірі компания басшыларының жұмысы, көбіне, осы көрсеткіш бойынша бағаланады.

Азық-түлік қауіпсіздігін сақтау – мемлекет қауіпсіздігінің басты міндеті. Мұны қалыптасқан ахуал анық аңғартты.

Сондықтан біз ауыл шаруашылығы саласына барынша қолдау көрсете береміз.

Біз алдын ала сатып алу шараларын қолға алдық.

Бұған қосымша оффтейк-келісім шарттарын енгізіп, «КазАгро» несиесі бойынша қарызды қайта құрылымдаймыз.

Осы арқылы қаржыландыру мүмкіндігін кеңейтеміз.

Қазақстанда 1 миллион 700 мыңдай жеке қосалқы шаруашылық бар.

Бірақ, олардың өнімі сауда орындары арқылы ресми түрде сатылмайды және өңдеу кәсіпорындарына жеткізілмейді.

Мемлекетке бұдан салық түсіп жатқан жоқ. Онда жұмыс істейтіндер әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған.

Үкіметке «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, ауылдағы кооперациялық желіні дамыту үшін «Егіс даласынан – дүкен сөресіне дейін» атты пилоттық жобаны бірнеше өңірде бастауды тапсырамын.

Содан кейін оның ауқымын кеңейтіп, 2021 жылдың ортасына қарай толыққанды бағдарлама әзірлеуге болады.

Осы бағдарламаны жүзеге асыру кезінде «КазАгро» арқылы жылдық мөлшерлемесі 6 пайыз болатын жеңілдетілген шағын несие беріледі.

Бұл ретте «Даму» қорының кепілдік беру тәсілдерін пайдаланған жөн.

Сондай-ақ, тұрақты сатып алу және сату жүйесін қалпына келтіру керек.

Жобаға қатысушыларды оқыту және олардың аграрлық саладағы құзыретін арттыру ісін де қолға алу қажет.

Мұның бәрі 2 миллионға жуық ауыл тұрғындарының табысын көбейтуге, отандық ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жүктемесін 53 пайыздан 70 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Сол арқылы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің импортын азайтуға болады.

Екінші. Біз «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыруға 1 триллион теңгеге жуық қаржы бөліп отырмыз.

Бұл – қомақты қаражат. Оны шағын бизнесті несиелеуге де пайдалануға болады.

Соның бәрі құзырлы органдардың бақылауында болып, толығымен мақсатқа сай жұмсалуда тиіс.

(жалғасы 2 бет.)



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(жалғасы, басы 1 бет.)

Осы күрделі кезеңде қаржыландырылып жатқан жобалар арқылы ең алдымен жаңа жұмыс орындарын ашу қажет.

Бұған жұмысшыларды барынша көптеп тарту керек.

Үнемі экономикалық табыс әкелетін немесе адами капиталды дамытатын бастамалар қолға алынуы қажет.

Осыған орай, мектеп, аурухана және басқа да нысандар салынып, жаңғырту жұмыстары жүргізілуге тиіс.

Бір келіп нысандардың әр аймақтағы құны өте алшақ болуына жол бермеу аса маңызды.

Өкінішке қарай, мұндай жағдай бізде көп кездеседі.

Жүзеге асқан жобалардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігіне талдау жасалады.

Үшінші. Қолжетімді тұрғын үй құрылысы экономиканы дамытуға, жұртты жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ баспана мәселесі әлеуметтік қолдау көрсетудің маңызды факторына айналуы керек.

Елбасының бастамасымен қолға алынған «7-20-25» бағдарламасы ипотекалық несие беру ісіне және тұрғын үй құрылысына тың серпін берді.

Кезекте тұрған азаматтардың мәселесін шешу үшін тұрғын үй несиемен қамтамасыз етуге арналған «5-10-20» жаңа жобасын іске асыруды тапсырамын.

Осыған орай дағдарысқа қарсы бөлінген қаражат есебінен 390 миллиард теңге бөлеміз.

Биыл елімізде бұрын-соңды болмаған көлемде тұрғын үй салынады.

Атап айтқанда – 15 миллион шаршы метр немесе 150 мың пәтер.

Азаматтарымыздың тұрғын үй жағдайын жақсарту – маңызды мәселе.

Шын мәнінде, бұл – Үкімет жұмысындағы стратегиялық басымдығы бар бағыттардың бірі.

Сол үшін институционалдық құрылымды жаңғырту керек.

Үкімет жыл соңына дейін «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы негізінде толыққанды даму және қолдау институты саналатын «Отбасы банкі» құруға тиіс.

Бұл құрылым тұрғын үй есебін, кезекке қою және үй беру тәртібін бір орталықтан жүзеге асыратын болады.

Азаматтарымыздың зейнетақы жинағының бір бөлігін баспана алуға пайдалануы осы саладағы жүйелі өзгерістің жалғасы болмақ.

Мен аталған мәселе бойынша бұған дейін тапсырма берген болатынмын.

Бірақ төтенше жағдай режиміне байланысты оның орындалуы созылып кетті. Осыған орай шешім қабылдайтын кез келді. Оны Үкімет 1 шілдеге дейін жария етуге тиіс.

Төртінші. Әлеуметтік әділдік үшін жалақы мен басқа да кіріс түрлеріне қатысты жеке кіріс салығының үдемелі өлшемін енгізу мәселесін пысықтайтын уақыт жетті.

Үдемелі өлшемге сәйкес жалақысы төмен азаматтар салықты қазіргіден аз төлейді.

Ал еңбекақысы жоғары қызметкерлердің төлейтін салығы артады.

Мақсатымыз – еңбекақы төлеудің мейлінше кең тараған әрі жасырын тәсілін «көлекенден» шығару.

Егер тиісті салық мөлшері қысқартатын болса, жалақыны жасырын төлеудің қажеттілігі болмайды.

Халықтың табысы төмендеген қазіргідей жағдайда тұтынушыларға несие беру нарығына мониторинг жүргізуді жалғастыру маңызды.

Бұл азаматтардың қарызға белшесінен батуына жол бермеу үшін керек.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қарызын төлей алмай отырған несие алушылардың ахуалын оңалту мүмкіндігін қарастыруға тиіс.

Қарыз алушының жағдайына және өнім түрлеріне қарай несие бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу әдісін қайта қарау керек.

Азаматтардың мүддесін қорғау үшін банктік емес несие ұйымдарына бақылау күшейтіледі.

Ал келесі жылдан бастап микроқаржы қызметін лицензиялау жүйесі енгізіледі.

Еліміздегі әлеуметтік саясаттың тағы бір қырына тоқталғым келеді.

Жаңа әлеуметтік төлемге қол жеткізу үшін Бірінші жиынтық төлем талап етілді.

Аталған әлеуметтік көмекті алған азаматтардың 40 пайыздан астамы Бірінші жиынтық төлемді алғаш рет төледі.

Бұлар – шын мәнінде, мемлекеттік көмекке мұқтаж жандар. Оларды экономикаға барынша тарту қажет.

Осы азаматтардың өзімен-өзі қалып, қайтадан «көлекенге» кетуіне жол бермеу қажет.

Қиын-қыстау кезеңде мемлекеттік қолдауға, әлеуметтік көмекке, лайықты зейнетақыға, ең алдымен, заңды жұмыс істеп, салық төлегендер ғана қол жеткізе алады.

Сондықтан уақытша жұмыссыз қалғандармен қатар осындай азаматтар да Үкімет пен әкімдердің ұдайы назарында болуы керек.

Нарықтық экономика жағдайында кез келген адам жұмысынан уақытша айырылып қалуы мүмкін.

Осыған орай Үкімет еңбек биржасына тіркеуді барынша жеңілдетуі қажет.

Сондай-ақ, белгіленген рәсімдерді азайтып, жұмыссыздық мәртебесін және тиісті жәрдемақы алу уақытын қысқартқан жөн.

Бесінші. Ұлттық бизнесті қолдау.

Сұраныс көлемі азайып, активтер мен кепілдегі мүлктің нарықтық құны төмендеген жағдайда «Даму» қорының несие кепілдендіру мүмкіндігін пайдалану аса маңызды.

Қордың кепілдігі Ұлттық банктің айналымдағы қаражатты несиелеу бағдарламасы арқылы берілетін займдарды қамтиды.

Оның мөлшері – 600 миллиард теңге. Қажет болған жағдайда көлемі ұлғая түсетінін еске салғым келеді.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі экономиканы несиелеу көлемін арттыру үшін пруденциялық шектеулерді қысқарту және өтімділікке қысым көрсетуді азайту шараларын қабылдады.

Бұл банк секторында шамамен 600 миллиард теңгені үнемдеуге мүмкіндік берді. Аталған қаражат ел экономикасын дамыту үшін жұмсалуға тиіс.

Уақытша пруденциялық қосымша шаралар әзірлеу керек. Сол арқылы банктердің экономиканы несиелендіру мүмкіндігін арттырамыз.

Микро және шағын кәсіпкерлік саласына да ерекше көңіл бөлу қажет.

Бұл сала өкілдеріне банктердің стандартты өнімдерін пайдалану үшін қатаң шектеу қойылып отыр.

Осыған байланысты «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында шағын бизнес үшін арнайы шаралар қарастыруды тапсырамын.

Үкімет пен «Атамекен» бұған бөлінетін қаражат көлемін айқындауға тиіс.

Банктер мен басқа да қаржы ұйымдары бірқатар салаға қатысты несие кайтару мерзімін шегерді.

Жеңілдік берілген мұндай салалардың тізімі кеңейтіледі. Бұл – бизнесті қолдаудың тағы бір нақты шарасы.

Бұған сауда, өңдеу өнеркәсібі, көлік және қойма, қонақ үй және тамақтану, ақпарат және байланыс, білім және денсаулық сақтау салалары енгізілуге тиіс.

Өңдеу өнеркәсібіне басымдық бере отырып, экономиканы әртарапандыру әрдайым негізгі міндетіміз болады.

Бұл сектордағы ұзақ мерзімге арналған жобаларды жүзеге асыру үшін Қазақстанның даму банкіне қосымша қаржы бөлу қажет.

Сонымен қатар өндірушілердің кеңей-

тілген міндеттемелері бойынша жиналған қаражат есебінен Өнеркәсіпті дамыту қорын құруға болады.

Оның жұмысы бизнесті қолжетімді несиемен қамтамасыз етуге бағытталады.

Мұндай несие өңдеу ісімен айналысатын болашағы зор кәсіпорындарға 3 пайыздан аспайтын мөлшерлеме бойынша беріледі.

Алтыншы. Шетел капиталы үшін бәсекелестік артқан кезде әрбір қаржыгермен тікелей жұмыс істеуге баса мән беру қажет.

Әр инвесторға арналған жекелеген қолдау шаралары қолға алынуы керек.

Сол шараларды басымдылығына және тұтас экономикаға тигізетін нақты әсеріне қарай қабылдаған жөн.

Осы маңызды жұмыс барысында Үкімет басымдығы бар салалардағы стратегиялық инвесторлар үшін бүкіл инвестициялық заңнаманың тұрақтылық режимін қамтамасыз етуге тиіс.

Біз инвестиция тартып, қор нарығын дамыту үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығының әлеуетін тиімді пайдалануымыз керек.

Бұл мемлекеттік активтерді жекешелендіру барысында аса маңызды болмақ.

Сонымен қатар бизнестегі дау-дамайлар кезінде отандық кәсіпкерлер үшін ағылшын құқығының басымдығы мен «Астана» халықаралық қаржы орталығының арбитражын пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.

Ұлттық компанияларымызға тиесілі жекелеген құрылымдарды шетелдік заңнаманың аясынан «Астана» халықаралық қаржы орталығының құзырына біртіндеп көшіруді бастаған жөн.

Егер өз компанияларымыз басқа ел заңнамасының құзырында болуды қалап жатса, шетелдік инвесторлардың сеніміне ие бола алмаймыз.

Үкімет, Сыртқы істер министрлігі және шет елдердегі өкілдіктер «Астана» халықаралық қаржы орталығының инвестициялық салықтық резиденттігі жөніндегі бағдарламасын насихаттауға күш жұмылдыруы қажет.

Орталық әкімшілігі 2025 жылға дейінгі жаңа стратегияны әзірлеуде.

Қазіргі күрделі жағдайда инвесторлардың, бизнестің ұлттық валютаға және ақша-несие саясатына деген сенімі аса маңызды болмақ.

Осыған байланысты ұлттық валютаға қатысты алып-сатарлықты азайтудың мәні зор.

Бұл – Ұлттық банктің және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің міндеті.

Жетінші. Өкінішке қарай, біз кәсіпорындардың бәрін және барлық жұмыс орын сақтай алмаймыз.

Әрбір бизнестің де тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкін емес. Бұл – бүкіл әлемге тән жағдай.

Сондықтан төтенше жағдай режимінің енгізілуі одан көбірек зардап шеккен экономика секторлары үшін форс-мажор болғанын заң жүзінде мойындау керек.

Бұл ретте жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнес өкілдері сотқа жүгінген кезде төтенше жағдай режимі форс-мажор ретінде мойындалуға тиіс.

Сонымен қатар осы күрделі кезеңде кәсіпкерлердің экономикалық белсенділігін қолдап, жекеменшік пен бәсекелестікті қорғау аса маңызды.

Биылғы 1 қазанға дейін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге қатысты банкроттық рәсімдерді бастауды тоқтата тұруды тапсырамын.

Бұл алаяқ кредиторлардың қысым жасауына жол бермеу үшін керек.

Келесі мәселе. Осыған дейінгі дағдарыстардың салдарынан банктердің балансында экономикалық айналымнан шығып қалған активтер саны көбейді.

Банктер тұралап қалған активтерді сату үшін нақты жоспар әзірлеп, соған жауапты қызметкерлердің жұмысын бақылауды және бағалауды күшейтуі керек.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қатердің алдын алуға бағытталған қадағалау шарасы арқылы банктердің қиындыққа тап болған активтерге қатысты жұмысына мониторинг жүргізуді және бақылауды күшейту қажет.

Тұралап қалған активтердің өркендетті нарығын құру – жүйелі шешім.

Секьюритизация мен сақтандырудың қарапайым әрі оңтайлы тетігін қалыптастыру керек.

* * *

Азаматтарды қолдау мен бизнесті дамытуға арналған осы және басқа да шараларды жүзеге асыру үшін Экономикалық өсімді қайта қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспар әзірленіп жатыр.

Бұл жоспар жуық арада бекітіледі. Мемлекеттік органдар оны жүзеге асырудың барлық жолдарын мұқият пысықтауы қажет.

Сондай-ақ, олар өздерінің орынсыз әрекеттері арқылы бұл шаралардың маңыздылығын жоққа шығаруға жол бермеуі керек.

Дағдарыстың күрделі кезеңін қалай еңсеретіміз, елімізді және экономиканы одан әрі дамуға қалай бейімдейтіміз осыған байланысты.

Біз дағдарыс салдарынан әлемдегі ахуалдың және ұлттық экономиканың түбегейлі өзгергенін анық көріп отырмыз.

Қазіргі ахуал мен факторлар, алдағы өзгерістер 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының жаңа нұсқасында ескерілуге тиіс.

Жоспарда экономиканы және мемлекетті басқару ісін барынша жандандыратын институционалдық және құрылымдық реформалар қамтылуы қажет.

Құрметті әріптестер!

Бұл дағдарыс медицина, білім беру, әлеуметтік қорғау жүйесі салаларының өте маңызды екенін бүкіл әлемге көрсетіп берді.

Бізге денсаулық сақтау жүйесінің сапасын жақсарту, медицина мекемелерін технологиялық тұрғыдан толық қайта жабдықтау, дәрігерлердің құзыретін арттыру үшін түбегейлі өзгерістер қажет.

Осы саланы төтенше ахуалдың кез келген жағдайында жедел әрекет етуге бейімдеу керек.

Халық арасына жұқпалы аурудың таралуын бақылау, телемедицинаны және қашықтан диагностика жасау жүйесін енгізу әдістері әзірленуге тиіс.

Ұлттық санитарлық-эпидемиологиялық қызметті барынша күшейту қажет.

COVID-19 және соған ұқсас індеттер бір жолғы құбылыс емес екенін аңғардық.

Сондықтан біз бұған іс-жүзінде ғана емес, ғылыми тұрғыдан да әрдайым дайын болуымыз керек.

Үкімет беделді ғалымдар мен сарапшыларды жұмылдырып, Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі кеңес құруға тиіс.

Білім беру ісін барынша оңтайлы еткен жөн.

Студенттер мен оқушыларды қашықтан оқытудың хаттамалары мен әдістемелерін әзірлеу қажет.

Еліміздегі барлық оқу орындарында цифрландыру ісін аяқтау керек.

Қашықтан оқытудың заманауи технологиясын жылдам енгізген абзал.

Білім беру бағдарламаларының мазмұнын қайта қарап, оны қолжетімді және интерактивті етуіміз қажет.

Ал, педагогтарды даярлау мәселесі жаңа талаптарды ескеру арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

Мемлекеттік басқару жүйесін қайта құру ісі еліміздің Стратегиялық жоспарының маңызды бағытына айналады.

Қалыптасқан жағдайды пандемиядан кейін қайта електен өткізу арқылы жаңа әдістер енгізілетін болады.

Қашықтан жұмыс істеу форматы маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдау кезінде заманауи технологияны қолданудың қажеттігі және тиімділігін дәлелдеді.

Орныққан жұмыс тәсілі ретінде Үкімет-

(соңы 3 бет.)



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(соңы. басы 1-2 бет.)

тің, министрліктердің, әкімдіктердің түрлі жиындарын қашықтан өткізуді ұсынамын.

Қажетсіз рәсімдерді, келісімдер мен кеңестерді, уақыт пен қаражатты шығындайтын басқа да шараларды жою керек. Мұндай жұмыс тәсілінің қажеті жоқ. Шешімді жылдам қабылдап, ең бастысы, оны орындау керек.

Індеттен кейінгі кезеңде де бастамашылдық көрсетіп, жауапкершілік таныту, белсенділік сақтау өте маңызды.

Бізге ахуалдың өзгеруіне қарай шұғыл шешім қабылдайтын тиімді әрі ыңғайлы мемлекеттік аппарат керек.

Мемлекеттік институттарды дамыту реформалары жалғаса береді.

Халыққа арналған Жолдауымды жүзеге асыру барысында олардың құрылымдарына реформа жүргізіп, максат-міндеттерін нақтылау ісі қолға алынды.

Кейбір функциялардың қайталануы, жекешелендіруді жалғастыру, квазисектордың сатып алу жүйесіне отандық кәсіпкерлердің қол жетімділігі сияқты мәселелерді толық шешуіміз қажет.

Электронды үкімет тұжырымдама-

сының мәнін қайта қарап, кеңес алу, анықтама алу, өтініш беру жөніндегі рәсімдерді онлайн режиміне толық көшіру керек.

Ал «egov» жүйесінің тілі халық үшін әрдайым қарапайым әрі түсінікті болғаны жөн.

Бизнес пен мемлекеттің қарым-қатынасы толықтай цифрлық форматқа ауысып, беттеспейтін жүйеге көшеді.

Осыған байланысты мемлекеттік қызмет көрсету және қолдау шараларына қатысты барлық үдерісті цифрландыру ісін аяқтаймыз.

Экономиканы және қоғамды цифрландырудың барлық үдерісіне тың серпін беру маңызды.

Құрметті әріптестер!

1 мамыр күні Өзбекстан Республикасындағы Сардоба су қоймасы бөгетінің бұзылуы салдарынан Түркістан облысында су тасқыны болды.

Бұл – техногенді сипаттағы төтенше жағдай.

Мақтаарал ауданына қарасты 5 ауылдың 1 мыңнан астам тұрғын үйін су басып қалды.

Сондай-ақ 9 елді мекенді су басу қаупі туындады.

Шұғыл қабылданған шаралардың арқасында су тасқынының әрі қарай таралуына жол бермедік.

Қазір су тасқынының зардаптарын жою, тазалау жұмыстары жүргізілуде.

Қоғамдық тәртіп пен тұрғындардың дүние-мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету басты назарда.

Біз ауданның күнделікті тіршілігін қайта қалпына келтіру үшін қажетті шаралар қабылдаймыз.

Жалпы күзге дейін қираған үйлердің орнына жаңа тұрғын үйлер салынады.

Зардап шеккен әрбір адамға 100 мың теңге көлемінде өтемақы төленеді.

Мал шығыны, тасқынның ауыл шаруашылығы алқаптарына тигізген зияны өтеледі.

Жалпы, зардап шеккен ауылдардың әрбір азаматы қамқорлықсыз қалмайды. Оларға жәрдем береміз.

Зардап шеккен ауданға көмектесіп жатқан азаматтардың бәріне ризашылығымыз білдіреміз.

Тасқын болған жерде әкімдік, сондай-ақ, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық ұлан

мен Төтенше жағдай жөніндегі комитет бөлімшелері және полиция қызметкерлері жұмыс істеуде.

Отандық және шетелдік ірі бизнес өкілдері де зардап шеккен тұрғындарға айтарлықтай көмек бергенін ерекше атап өткен жөн.

Мұндай азаматтарды халқымыздың шынайы патриоттары, тілеулестері деуге болады.

Баршаңызға алғыс айтамын!

Қазақстандықтар бұл жолы да бір женнен қол, бір жағадан бас шығара білді. Біз бірге болсақ, барлық қиындыққа төземіз.

Кез келген міндетті орындауға мүмкіндігіміз жетеді.

* * *

Біз күрделі кезеңді бастан өткерудеміз. Халқымыздың бекем бірлігі бәрімізге күш-қуат береді.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл.

Біз бұған дейін талай сынақтан сүрінбей өттік. Бұл қиындықты да еңсереміз деп сенемін.

<http://www.akorda.kz/>
11.05.2020ж.

ПРЕЗИДЕНТ МӘЛІМДЕМЕСІНЕ ШІКІРЛЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысында сөйлеген сөзінде еліміздегі төтенше жағдай режимінің аяқталғанын айтып өтті. Бұл аса қуантарлық жағдай. Президентіміздің осыған дейін де жариялап отқан мәлімдемелерінің барлығы да халқымыз үшін өте тиімді екенін барлығымыз білеміз.

«Соңғы екі ай мемлекетіміз үшін оңай болған жоқ» – деді мемлекет басшысы. Дегенмен, мемлекет тарапынан халық игілігі үшін нақты жұмыстар жүргізілді. Атап өтетін болсақ, 4,5 миллионнан астам адамға 42500 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілуде, 1 миллионнан астам азаматқа азық-түлік пен тұрмыстық заттар үлестірілуде, коммуналдық төлемдердің тарифі төмендетілді, 2 миллионға жуық азаматтың несие төлеу мерзімі кейінге шегерілді. Қолжетімді несие беру, көктемгі егіс науқанын жүргізу, жұмыс орындарын ашу үшін айтарлықтай қаражат бөлінді және 700 мыңнан астам компания мен кәсіпкерлер үшін салық жүктемесі азайтылды. Атқарылған іс-шаралардың барлығы мемлекет басшысының халыққа деген қамқорлығының мұқалмас дәлелі.

Коронавирус індетінің алдын алу бойынша жарияланған төтенше жағдайларға байланысты індеттің барынша жойылу қаупінің алдын алдық. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия ауқымды жұмыс атқарды. Қазіргі кезеңде еліміз індеттің шарықтау шегінен өткендігі көңілге жылу ұялатады. Алайда, пандемияның екінші кезеңі басталып кетпесі үшін әлі де сақтық шараларын қолдану қажет! Әлеуметтік арақ-

шықтықты сақтау, көпшілік жиналған жерде бетперде тағып жүру қалыпты жағдайға айналуға тиіс. Отандастарымызды шектеу шараларын барынша сақтауға шақырамын! Бірікпек барлығын да жеңеміз!

Біз біргеміз!

Т. Қарабалаев,

«Ер-Тай» ЖШС-нің директоры

2020 жылғы 11 мамыр күні мемлекет басшысы Төтенше жағдайға байланысты мәлімдеме жасады. Өз мәлімдемесінде: «Бүгін ел аумағында төтенше жағдай режимі аяқталды. Төтенше жағдай режимі аяқталғанмен кейбір аймақта дерттің таралуы бәсеңдемей тұр. Індет толығымен жойылып кеткен жоқ. Пандемия халықтың денсаулығына әлі де қауіпті. Сондықтан, карантиндік шектеулер әр өңірдегі жағдайдың жақсаруына қарай біртіндеп алынады», - деді. Сонымен қатар, мемлекет басшысы ең бастысы, біз жаңа ахуал жағдайында жұмыспен қамтамасыз ету және экономикалық тиімділікті арттыру үшін ресурстарды қайда жұмсау керектігін білеміз. Енді дағдарыс кезіндегі және одан кейінгі дамудың басымдықтарына: ең бастысы, барша азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау, азаматтардың табысын арттыру, бизнесі қолдау, оны дамыту және білім және ғылым жүйесін жетілдіру мәселесіне тоқталып өтті.

Халқымыздың бекем бірлігі бәрімізге күш-қуат береді. Жұмыла көтерген жүк жеңіл! Біз бұған дейін талай сынақтан сүрінбей өттік. Бұл қиындықты да еңсереміз деген мемлекет басшысының саясатына

сенеміз, қолдаймыз!

Біз біргеміз!

Ж. Қармысова,

Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаев төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысында еліміздің қауіпті індеттің шарықтау шегінен өткендігін және бүгін елдегі төтенше жағдай аяқталатындығын атап өтті. Алайда, кейбір өңірлерде індеттің таралуы бәсеңдемеуіне байланысты, карантиндік шектеулер әр өңірдегі жағдайдың жақсаруына қарай біртіндеп алынады туралы сөз етті. Қазіргі кезеңде 1 миллион 100 мыңнан астам азамат жұмысқа шықты. Әуе байланысы бойынша да бірқатар жұмысы жанданған әуежайлардың тізімін атап өтті. Сондай-ақ, елдегі сән салондары, білім орталықтарының тағы кейбір нысандардың іске қосылғанды жайында да шағын орта компаниялар жаңа ережеге сәйкес жұмыс жасауы керек. Облыстар арасындағы көлік қатынасына қатысты шектеулер қала береді деп мәлімдеді. Әлі де қауіпті вирустан сақтану шарасын күшейту мақсатында көпшілік шоғырланатын жерлерде бетпердені тағып жүру керек екендігі ескертілді. Мемлекеттік қызметшілердің 50 пайызы қашықтықтан жұмыс істеуді жалғастыра береді. Президентіміз індеттің екінші кезеңі басталып кетуі мүмкін екендігін де ескере отырып, халықты барынша сабыр мен төзімге шақырып, сақтықта қорлық жоқ екендігін баяндады. Төтенше жағдайға байланысты, елімізде аса мұқтаж жандарға коммуналдық төлемдер бойынша жеңілдіктер қарасты-

рылған. 2 миллионға жуық азаматтың несие төлеу мерзімі кейінге шегерілді.

Бұл індет әлемдік рецессияның басталуына себеп болды, сарапшылардың болжамынша тіпті ұзаққа созылатын экономикалық дағдарысқа да алып келуі мүмкін. Әлем бойынша еңбекке жарамды халықтың жартысының табысы азайды. Осындай қиындыққа қарамастан Қазақстан халқының қаржы резервінің жеткілікті екендігін және де мемлекет қарызы өз мүмкіндігіне жететіндігін өз халқына басу айтып, төзімділікке шақыра отырып баяндады. Басты мақсат, барша азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау. Азаматтардың табысын арттыру. Бизнесі қолдау және дамыту. Елде жаңа жұмыс орындарын ашу. Мектеп, аурухана және басқа да нысандар салынып жаңғырту жұмыстары жүргізілуде тиіс екендігіне тоқталды. Өзбекстан Республикасындағы Сардоба су қоймасы бөгетінің бұзылуы салдарынан болған Түркістан облысындағы су тасқыны айтып келмейтін апат болғандықтан, халыққа ауыр тиді. Осы қиын кезеңде халыққа біраз көмек көрсетілгендігі туралы да тоқталып өтті. Президентіміздің қазақ елін сабырға шақырып қолдауы халыққа үлкен күш береді деп сенеміз. Қиындықты еңсеріп өтетін күндердің ауылы алыс емес. Жаратушыдан Қазақ елінің жақын күндерде аңсаған арманы орындалады, еліміз аман болсын, жаман індет атымен өшссін деп дұға тілек білдіреміз.

Біз біргеміз!

Г. Жұмабаева,

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ әдіскері

Слышащее государство

«Вчера я выступил на совещании Государственной комиссии. Что касается моего предложения о введении прогрессивной шкалы на индивидуальный подоходный налог, то это было мое поручение правительству изучить данные вопросы. Но в принципиальном плане я считаю, что мы должны подойти рано или поздно к этому вопросу с точки зрения справедливости», - сказал Глава государства.

По словам президента, смысл прогрессивной шкалы состоит в том, что люди, которые зарабатывают не так уж много и тем более мало, должны платить меньше налогов. А люди, которые зарабатывают очень много и в наших условиях считаются богатыми, должны платить больше

О НАЛОГЕ ДЛЯ БОГАТЫХ ВЫСКАЗАЛСЯ К.ТОКАЕВ. ПРЕДЛОЖЕНИЕ О ВВЕДЕНИИ ПРОГРЕССИВНОЙ ШКАЛЫ НА ИШН В КАЗАХСТАНЕ

налогов.

Он отметил, что такая система существует в ряде государств.

«Например, в моем понимании, если человек зарабатывает до 250 тысяч тенге, может больше, до 300 тысяч тенге, он не должен платить налог в 10 процентов, он может платить налог примерно в 7 процентов. Это решит рабочая комиссия правительства. Что касается среднего класса, в отношении него будет по-прежнему применяться налог 10 процентов. 10 процентов - это налог широкого спектра действия. Условно говоря, полу-

чающие от 300 тысяч тенге до полутора, а может, и двух миллионов тенге, будут платить 10 процентов, как было и раньше. Но люди, зарабатывающие более 25 миллионов тенге в год, как я считаю, должны платить больше десяти процентов. Какую сумму они должны платить, определит комиссия. Это будет 13 или 15 процентов, но не больше 15 процентов», - добавил Касым-Жомарт Тоқаев.

Глава государства подчеркнул, что, по его мнению, в Казахстане подоходный налог не должен превышать 15%.

«Поскольку я дал поручение правительству, оно внесет свои предложения, мы коллективно обсудим, в том числе с привлечением общественности, депутатов, конечно же, специалистов, экспертов, а затем будем думать, вводить прогрессивную шкалу налога или не вводить», - заключил он.

ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» по материалам: <http://t.me/neangimenews>



Ұлы Жеңіске 75 жыл!

К 75-летию Великой Победы!

ЖЕҢІС КҮНІНЕ ОРАЙ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР

Жеңістің 75 жылдығына орай жергілікті бюджет есебінен «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламасы» ММ жергілікті әлеуметтік тапсырысы есебінен тыл еңбеккерлеріне жалпы сомасы 2 261,0 мың теңге тұратын құнды сыйлықтар (смарт-тв) сатып алынды.

Ағымдағы жылдың 8 мамырында 11

тыл еңбеккерін Жеңіс күнімен құттықтап, оларға «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы» мерейтой-



лық медальдары, құттықтау қағаздары мен теледидарлар (смарт-тв) тапсырылды.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

МЕРОПРИЯТИЯ КО ДНЮ ПОБЕДЫ

телевизоры (smart tv) для труженников тыла на общую сумму 2 261,0 тыс. тенге.

8 мая текущего года 11 труженников тыла были поздравлены с Днем Победы, где им на дому вручены юбилейные медали «75-лет Победы в ВОВ 1941-1945 гг.», поздравительные открытки и телевизоры (smart tv).

ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»



К 75-летней годовщины Победы, за счет средств местного бюджета в рамках государственного социального заказа, ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск» были приобретены ценные подарки



Соғыс ардагерлеріне көмек

Елде орын алған төтенше жағдайға байланысты «Сауатқа Jastary» облыстық еріктілер штабының атқарып жатқан игі істері ауыз толтырып айтарлық. Мереке қарсаңында Қарағанды қаласындағы аздамтылған 1500 отбасы мен 32 соғыс ардагеріне азық-түлік қораптарын табыстады.

Жетінші мамырдан бастау алған игі іс бірнеше күнге созылды. Аз қамтылған отбасыларға үш жүк көлігіне тиелген жеміс-жидек, азық-түлік өнімдері мен гигиеналық заттар алынған. Мереке қарсаңында әр отбасына елу келіден 3000 азық-түлік қорабы теңдей үлестірілген. Қайырымды істі қаржыландырған «Налуқ» қайырымдылық қоры мен «Шұбаркөл Премиум» АҚ еді. Сондай-ақ, «9 регион» және «Қостанай ШинСервис» фирмасының демеушілігімен ардагерлерге де дәл осындай себеттер тапсырылды. Бұл туралы облыстық штабтың еріктісі Сымбат Әубәкірова:

«Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен көмекке мұқтаж, жағдайы төмен отбасылардың тізімін алдық. Ардагерлерді де жыл сайын құттықтап тұрамыз. Биыл елде орын алған төтенше жағдайға байланысты демеушілер бізге үлкен көмек көрсетті. Сол себепті табыс етілген себет-тердің көлемі де артты. Алдағы уақытта карантин режимі аяқталғанша, жұмысты жалғастыра береміз» – дейді.

Облыстық штабтың мәліметінше 15 наурыз бен 6 мамыр аралығында волонтерлер мен кәсіпкерлер 698 акция өткізіп, мұқтаж жандарға қол ұшын берген. Оның ішінде, көпбалалы және аздамтылған отбасы, қараусыз қалған қарт адамдар мен мүгедектерге, сондай-ақ, басқа да санаттағы тұрғындар бар. Оларға 42,8 млн теңгеден астам қаражат жұмсалып, азық-түлік себеті (макарон және бакалея өнімдері, жеміс, көкөніс, жарма, ұн, ет, өсімдік майы мен басқа да өнімдер) 13 663 отбасына таратылды.

ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН

Осы уақытқа дейін облыс көлемінде 106,8 тонна азық-түлік, санитарлық-гигиеналық, тұрмыстық және дәрілік заттарды мұқтаж жандарға табыс еткен. Игі бастамаға бизнес-құрылымдары мен шаруа қожалықтары қаржылай қол ұшын беріпті. Оның ішінде «Бипэк авто – Азия авто» компаниясы, Қарағанды облысының Қазақстан халқы Ассамблеясы, Қарағанды авто-эвэскойлар клубы, «Vogue» мейрамханасы, «Жанель» кафесі, «Жандос» ЖК және басқа



да ұжым өкілдерінің көмегін айта кетпеуге болмас.

Ербол ЕРБОЛАТ,
Суретте: Қарағанды еріктілер

РУХАНИ АЗЫҚ БАСТАУЫ – БАБАЛАР МҰРАСЫ

Қай заманда да елдің бірлігі мен тұрақтылығына сызат тигізу үшін елдің мәдениетіне, дініне, құндылықтарына іштей іріткі салып отыру қызығушы тарап үшін тиімді болған. Себебі қоғамның рухани азғындаған, жұтандаған кезінде экономика, шаруашылық, өндіріс және т.б өркениетке апаратын маңызды салалар назардан тыс қалып, елдің экономикалық және нарықтық деңгейінің құлдырауына әкеледі.

Жалпы адамзат өз тарихында құпияларды ашуға, өмірдің мәнін түсінуге ұдайы ұмтылып отырған. Ұлы дала көшпенділерінің философиясы да осыны байқатады. Мысалға, Қорқыт атаның өлімнен қашуында, Асан қайғының жерұйықты іздеуінде үлкен философиялық мән жатыр.

Ал қазіргі таңда заман ағымының ілгері басуынан халық әлеуметтік қамтылуды бірінші орынға қойып, тіршілік қамын ойлап, жанталаса еңбектенуде. Әрине, еңбек түбі – береке екені рас. Алайда, адам рухы азықтанбаса, барлығы мардымсыз. Рухани азығын толықтыра алмаған адам азғындап, өмірден түңіліп кетуге дейін барады. Рухани жұтандықпен күрестің бірден-бір жолы даналық шығармаларын оқып, көкірек көзін ашу, үнемі өз-өзін жетілдіріп отыру. Рухани бостықты толтыру жолында қаншама жастар дұрыс

бағытты таба алмай, теріс діннің арбауына түсіп кетті. Жат ағымдардың арбаушылары сол адамдардың психологиялық күйзелістегі сәтін пайдаланып, қиын сәттерде қолдап, қол ұшын берді.

Міне, бұл ақша табудың қамында жүрген, бала тәрбиесіне көңіл бөлуге, баласымен сырласуға уақыт таппаған ата-аналардың көрген салдары. Отбасылық институттың құлдырауы, әлеуметтік жағдайдың төмендігі, жастардың көрсен қызығар инстаграмм парақшаларынан ауқатты өмір сүруді аңсап, соны бірінші орынға қоюы, олардың жеңіл жолмен ақша табуға әуестенуі, ұрлық пен арбаудан құралған саудаттықпен айналысуы - міне осылар бүгінгі рухани азғындау көріністері. Мұның барлығына қарсы иммунитет қалыптастыру ата-ана немесе асыраушының бала санасында құндылықтар жүйесі туралы дұрыс түсінік орнықтыруына байланысты болады және тәлім алушы ұрпаққа ұстаздардың білім беруде өмірдегі басты құндылықтар жүйесін түсіндіруін қажет етеді.

Еліміздің болашағы – жастарды дұрыс тәрбиелеуде, қажымай-талмай еңбек етуіміз қажет. Себебі жарқын болашаққа қадам басу мен өркендеу салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеуден басталады.

2017 жылдың 14 сәуіріндегі Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында экономикалық даму мен

рухани даму қатар айтылған. Ол ұлттық құндылықтарға баулитын түрлі бағдарламалардан көрініс тауып отыр. Ата-баба дәстүрін, жәдігерлерін сақтап, құндылықтарын жаңғырту – рухани жаңғырудың басты қадамы.

Рухани жаңғыру мақаласы рухани жұтандыққа төтеп берер жаңа қадамға айналды. Себебі бұл мақала жарық көрген күннен бастап бір жыл бойы толассыз жұмыстар атқарылып келеді. Халықтың ата-баба туындылары мен асыл мұраларымен жақын танысуына кең жол ашылып, руханиятымызға жаңа тыныс берілгендей болды. Алда бұл бағдарлама бойынша көптеген маңызды іс-шаралар өткізу жоспарланған.

Әр қазақ шаңырағы төрінен ұлттық мұрамыз орын алса, болашақ ұрпақтар сабақтастығына айтарлықты үлес қосатыны анық. Бұл өз кезегінде жастарымызды рухани жаңғыртып, ұлттық табиғатымыздан тыс қасиеттер мен әрекеттерден сақтары анық. Әсіресе, қазіргі таңның қасіреті – жастардың жат ағымдарға өтіп кетуінен берік қорғаныш болары айқын. Себебі өз бабаларының діні, салтын білген және оны түсінген кемел ұрпақ басқа жолды таңдау тұрмақ, тіпті ондай күдікті ойға да бармайды.

Елімізді өрге бастыратын ұрпақ тәрбиелеу ұлт мойнындағы аманат деп қабылдау

Рухани жаңғыру

маңызды. Сол бабалар аманатына қиянат жасамай, жүзеге асыру үшін ұрпақ сабақтастығын үзбей, келешегі келісті ұрпақтың тәрбиесіне әр қайсысымыз жауап бере алуымыз керек.

Рухани жаңғыру бағдарламасының қорытынды сөзінде Елбасымыз «Жаңа жағдайда жаңғыруға жеген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді» деп түйіндеуінде үлкен себеп бар. Рухани жаңғыру ол өткен бабалар заманына оралып дәл солар кешкен замандағыдай ақпараттық технология немесе заманауи құрылғыларсыз өмір сүріп, жайлауға оралып қала тынысынан, заманауи дүниелерден жырақтану емес. Керісінше, заман ағымына сай бола отырып, заманауи қазақтың озық бейнесін қалыптастыру қажет. Бұл ұлттымызға тән барлық тарихи, әдеби т.б асыл жәдігерлерімізді бағалап, оны түйсініп, санамызға берік сіңіру арқылы жүзеге аспақ.

Г. Қалабай,

ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Дін істері комитеті Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының аға ғылыми қызметкері «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысы аясында.



ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы «27» наурыздағы № 55-р өкімімен бекітілген

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ 2020 – 2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОЛ КАРТАСЫ

Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасының мақсаттары мен іске асыру бағыттары

Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасының (бұдан әрі – Жол картасы) негізгі мақсаттары:

- 1)жұмыспен қамту және жұмыссыздық деңгейінің өсуіне жол бермеу;
2)қосымша жұмыс орындарын құру және кірісті қамтамасыз ету;
3)елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту үшін жағдай жасау.
Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Жол картасында мынадай жұмыс түрлері мен объектілер бойынша инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру көзделеді:
1)әлеуметтік-мәдениет объектілерін – білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, ойын-сауық және демалыс объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеу, реконструкциялау (сейсмологиялық қауіпті өңірлер үшін сейсмологиялық тұрғыдан күшейте отырып, күрделі жөндеуге жол беріледі);
2)тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін (сумен жабдықтау, кәріз объектілері, газбен, жылумен, электрмен жабдықтау жүйелері, көппәтерлі тұрғын үйлер) күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу;
3)инженерлік-көлік инфрақұрылымын (қалалық автомобиль жолдары, кентішілік және ауылшішілік жолдар, кірме жолдар, тротуарлар, бөгеттер, дамбалар мен көпірлер, арналар, су шаруашылығы объектілері және құрылыстары) күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу, реконструкциялау;
4)елді мекендерді абаттандыру (аулаларды абаттандыру, көшелерді, саябақтарды, скверлерді жарықтандыру және көгалдандыру, иесіз объектілерді бұзу, шағын сәулет нысандарын, қоршауларды, балалардың ойын және спорт алаңқайларын жайластыру).
Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомстваралық комиссия (бұдан әрі – ВАК) шешімінің негізінде құрылысты қоса алғанда, өзге де жұмыс түрлері мен объектілерді іске асыруға жол беріледі.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру тәртібі мен шарттары

Жол картасының іске асырылуын үйлестіру мен мониторингтеуді ВАК жүзеге асырады. Өңірлерде Жол картасын іске асырудың жедел мониторингін мәслихаттар депутаттары және қоғамдық бірлестіктер өкілдерін тарта отырып, облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) әкімдерінің төрағалық етуімен жергілікті деңгейде Жол картасын іске асыруды үйлестіру және мониторингтеу жөніндегі комиссия жүзеге асыратын болады.

Комиссия функцияларына:

- 1)өңірде Жол картасын іске асырудың жедел мониторингін;
2)Жол картасын іске асыру барысы туралы есептер дайындау;
3)бекітілген жалпы лимиттер шеңберінде Жол картасының бағыттары бойынша қаражатты түзету және қайта бөлу жөнінде ұсыныстар әзірлеу кіреді.
Жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жөніндегі операторлар ретінде жөндеуді және реконструкциялауды қажет ететін нақты объектілерді, қажетті қаржыландыру көлемін, мамандықтар бөлінісінде еңбек ресурстарына қажеттілікті және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мерзімдерін айқындайды.
ЖАО инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде:
1)жаңа жұмыс орындарын құруды;
2)инфрақұрылымдық жоба іске асырылатын ауданда (қалада) уақытша тіркеліп тұратындарды қоса алғанда, жұмыссыздарға жұмыспен қамту орталықтарының жолдамалары бойынша жаңадан құрылатын жұмыс орындарының кемінде 50% ұсынуды;
3) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға көзделген қаражаттың жалпы көлемінің кемінде 90% көлемінде отандық өндірушілерден сатып алуды қамтамасыз етеді.
ЖАО инфрақұрылымдық жобаларды өзі іріктейді және іске асырады, бұл ретте мыналарды негізге алады:
1)сараптамадан өткен объектілерді күрделі жөндеуге және реконструкциялауға жобалау-металық құжаттаманың болуы;
2)жобалардың шеңберінде орташа және (немесе) ағымдағы жөндеуді жүзеге асыру жоспарланған, орындалатын жұмыстар көлеміне шығыстар сметасының, сметалық құжаттаманың, ақаулық ведомосінің болуы;
3)«Мемлекеттік сатып алудың ерекше тәртібін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 наурыздағы № 127 қаулысымен бекітілген мемлекеттік сатып алудың ерекше тәртібіне сәйкес мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімдері және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілерден сатып алу мүмкіндігі;
4)елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамыту және жақсарту қажеттілігі;
5)инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың бірінші кезектілігі мен өзектілігі;
6)инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың басталу және аяқталу мерзімі;
7)құрылатын жұмыс орындарының саны және ұсынылған жобалар бойынша есептелген орташа айлық жалақы мөлшері;
8)өңірдің табиғи-климаттық жағдайы және жобаларды іске асыруға әсер ететін басқа да ерекшеліктері.
ЖАО жобалау-металық құжаттаманың, ақаулық ведомосінің, сметалық құжаттаманың, шығыстар сметасының (техникалық құжаттаманың) болуын және қолданыстағы заңнамаға сәйкес келуін қамтамасыз етеді.
Күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу, реконструкциялау коммуналдық не республикалық меншіктегі объектілер бойынша жүргізіледі.
Іріктеу кезінде барынша көп еңбекті қажетсінетін технологияларды талап ететін, барынша көп жұмыс орындарын құратын және жұмыс ұзақтығы мен жұмысқа орналастырылған жұмыссыздардың саны бойынша барынша көп жұмыспен қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық жобаларға басымдық беріледі.
Инфрақұрылымдық жобаларды іріктеу кезінде ЖАО жұмыс түрлері мен объектілердің тізбесін тиісті басқару салаларындағы мүдделі орталық мемлекеттік органдармен келіседі.
Инфрақұрылымдық жобаларды келісу барысында орталық мемлекеттік органдар тиісті қорытындылар дайындайды.
ЖАО инфрақұрылымдық жобаларды келіскеннен кейін аудандар/қалалар, жұмыстар түрлері мен объектілер, жобаларды іске асырудың құны мен ұзақтығы, құрылатын жаңа жұмыс орындарының жалпы саны, орташа жалақы бөлінісінде жобалардың тізбесін

қалыптастырады.

Жобалардың қалыптастырылған тізбесі орталық мемлекеттік органдардың қорытындысымен халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жинақтау үшін беріледі.

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган құрылатын жұмыс орындары санының күтілетін көрсеткіштерін, орташа жалақы мөлшерін есепке ала отырып, ЖАО және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынған инфрақұрылымдық жобаларды қарайды және іріктейді.

Құрылатын жаңа жұмыс орындарының саны көрсеткіші жоқ инфрақұрылымдық жобалар іске асырылмайды.

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган өңірлер, жұмыс түрлері мен объектілер, жобаларды іске асырудың құны мен ұзақтығы, құрылатын жаңа жұмыс орындарының жалпы саны, орташа жалақы бөлінісінде жобалардың жиынтық тізбесін қалыптастырады.

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган инфрақұрылымдық жобалардың жиынтық тізбесін ВАК-тың қарауына шығарады.

ВАК Жол картасы шеңберінде іске асыру үшін инфрақұрылымдық жобалардың жиынтық тізбесін қарайды және бекітеді.

ВАК бөлінген қаражат шегінде қажет болған жағдайда жиынтық тізбеге түзетулер енгізуге, инфрақұрылымдық жобалардың тізбесін алып тастауға не толықтыруға құқығы бар.

Халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін ЖАО жұмыссыз азаматтардың және босатылатын, жұмысқа орналасуға мұқтаж адамдардың тізімін қалыптастырады.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру кезінде жұмыссыз жастарға жұмысқа орналасуда басымдық беріледі.

Жұмыссыздардың тізімі азаматтардың халықты жұмыспен қамту орталықтарына, мобильді жұмыспен қамту орталықтарына және жеке жұмыспен қамту агенттіктеріне жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін өтініш жасауы арқылы, сондай-ақ «Еңбек биржасы» мемлекеттік интернет-ресурсында (бұдан әрі – Электрондық еңбек биржасы) тіркелген ізденушілер қатарынан қалыптастырылады.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберіндегі жұмыс түрлері мен объектілер бойынша, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыратын жұмыс беруші мердігерлер, құрылған жұмыс орындары, жұмысқа орналастырылған жұмыссыздар, орташа жалақы туралы мәліметтер «Жұмыс орындарының құрылуын мониторингтеу» интеграцияланған картасы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне орналастырылады.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру тетігі

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін іріктеліп алынған жұмыс беруші мердігерлер жұмыс жүргізу орны бойынша халықты жұмыспен қамту орталығына жұмыс түрлері мен объектілері бойынша жобаның атауы, еңбек ресурстарына қажеттілік пен халықты жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру лимиті, жұмыс істейтін жұмыскерлердің саны туралы мәліметтер береді.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары «Жұмыс орындарының құрылуын мониторингтеу» интеграцияланған картасы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуын мониторингтеуді жүзеге асыру үшін мәліметтерді толтырады.

Жұмыс беруші мердігерлер жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбек шарттары бойынша мәліметтерді «Электрондық еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне орналастырады.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары қажетті біліктілігі бар мамандарды іріктеуді жүзеге асырады және уақытша тіркелген адамдарды қоса алғанда, осы ауданда (қалада) тұратын жұмыссыздарды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыратын жұмыс беруші мердігерлерге жібереді, ал қажет болған жағдайда жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша тиісті жұмыстарды орындау үшін кадрларды қайта даярлауды қамтамасыз етеді.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыстың тоқтатыла тұруына немесе толық емес жұмыс уақыты режиміне ауыстырылуына байланысты жұмыспен қамтылмағандарды жолдауға құқылы.

Жалақы төлеу тәртібі мен еңбек шарттары 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес айқындалады.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысатын жұмыссыздардың орташа жалақысы экологиялық үстемәкылдар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды және пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін берілетін өтемақыны ескергенде, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының кемінде екі мөлшері деңгейінде белгіленеді.

Жұмыс беруші мердігерлер жұмыссыздармен еңбек шартын жасайды және «Электрондық еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне орналастырады.

Инфрақұрылымдық жоба іске асырылатын ауданда (қалада) қажетті еңбек ресурстары болмаған кезде аудандардың (қалалардың) халықты жұмыспен қамту орталықтарының жазбаша келісімі болған жағдайда басқа елді мекендерден тартуға жол беріледі.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары ай сайын инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру туралы мәліметтерді Электрондық еңбек биржасына орналастырады, онда мыналар қамтылады:

- 1) инфрақұрылымдық жобаларды іске асыратын жұмыс беруші мердігерлердің саны мен атауы;
2) халықты жұмыспен қамту орталықтарының жолдамасы бойынша жұмысқа орналастырылған жұмыссыздар саны;
3) жұмысқа орналасқан жұмыссыздар жалақысының орташа айлық мөлшері.

Инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру

Жол картасын іске асыру жөніндегі республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі орталық уәкілетті орган болып табылады.

Жол картасының іс-шараларын қаржыландырудың жалпы лимиті инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру кезінде құрылатын жаңа жұмыс орындарының саны негізінде айқындалады, бұл ретте инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру кезінде бір жұмыс орнын құрудың құны өңір бойынша орта есеппен 4 млн. теңгені құрауы тиіс.

Өңірлерде жаңа жұмыс орындарын құру кезінде республика бойынша жұмыс күшінің жалпы санына қатысты өңірдің жұмыс күші санының үлесі сақтылуға тиіс.

Жол картасы шеңберінде іс-шараларды қаржыландыру лимиттері өңірлер бойынша бөлу алдындағы тоқсандағы жағдай бойынша статистика жөніндегі уәкілетті органның деректері бойынша жұмыс күшінің санына пропорционал бөлінеді.

ЖАО қаржыландыру лимиті негізінде Жол картасы шеңберінде іске асыру үшін инфрақұрылымдық жобаларды іріктеуді жүзеге асырады.

ВАК шешімінің негізінде өңірлер бөлінісінде қаржыландыру лимитін бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітіледі.

Инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының Ұлттық (соңы 6 бет.)



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ 2020 – 2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОЛ КАРТАСЫ

(соңы басы 5 бет.)

қорынан бөлінетін нысаналы трансферттер және/немесе республикалық және/немесе жергілікті бюджет қаражаттары есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады.

Нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттерінің, облигациялық қарыз сомаларын және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден бөлуді қоса алғанда, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға көзделген қаражатты республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасында бөлу ВАК ұсынысының негізінде жүзеге асырылады.

ЖАО-ның негізгі қарызды қайтару және облигациялық қарыз бойынша сыйықны төлеу бойынша кепілі «Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздар шығару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 қазандағы № 1520 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында қаржыландыру лимиттері қажеттіліктің және қажетті құжаттаманың болуына байланысты бөлінеді және ВАК шешімімен бекітіледі.

ЖАО өңірлік еңбек нарығы жай-күйінің көрсеткіштеріне қарай қаражатты жұмыс түрлері арасында өзі бөледі.

Өңірлерге бөлінген қаржыландыру лимиттерін нақтылау, түзету және қайта бөлу жұмыс күшінің саны есепке алынбай жүзеге асырылады.

Инфрақұрылымдық жобаларды күрделі, ағымдағы жөндеу және реконструкциялау, сондай-ақ абаттандыру бойынша бюджет қаражатынан үнем қалыптасқан жағдайда, ЖАО ВАК-пен келісу бойынша көрсетілген қаражатты осы бағыт бойынша іске асырылатын өзге де жобаларға немесе жобалардың түпкілікті нәтижелер көрсеткіштерін жақсартуға бағыттайды.

ЖОЛ КАРТАСЫ – БАҒАЛЫ БАҒДАРЛАМА

Қарағанды облысында Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында жалпы құны 63,7 млрд. теңге болатын 625 жоба іске асырылады. Нәтижесінде 16 106 жаңа жұмыс орыны ашылады. Оның тең жарымына, яғни, 8053 орынға жолдама жұмыспен қамту орталықтарынан беріледі. Жобаларды жүзеге асыру барысында жаңа нысандар салынып, ескілері жөндеуден өтеді, сондай-ақ, ауылдар абаттандырылып, коммуналдық сала қызметін жетілдіру көзделуде.

Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында облыста 33 жаңа нысан бой көтереді. Олардың қатарында мектептер, балабақшалар, спорт нысандары және тарихи-мәдени кешендер бар. Атап айтқанда, Жаңаарқа ауданында және Жезқазған қаласында жаңа мектептер ашылады, ал, Сәтбаев қаласында жаңа балабақша мен Оқушылар сарайы салынады деп жоспарлануда. Денсаулық сақтау саласы да назардан тыс қалмайды. Жоспар бойынша, биыл аймағымызда 1 операциялық блок және 2 жедел жәрдем станциясы салынуы тиіс.

Бұдан бөлек, Жезқазған қаласында тарихи-мәдени кешеннің құрылысы басталады. Сондай-ақ, Жезқазған, Саран, Шахтинск және Ұлытау аудандарында денешынықтыру-сауықтыру кешендерін, Қарағанды қаласы мен Нұра, Жаңаарқа аудандарында бассейн салу жоспарға енгізілген. Ал, коммуналдық қызмет сапасын арттыру мәселесі бойынша аймақта 15 нысан бой көтереді. Су желісі бойынша Бұқар жырау, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров аудандарында және Саран қаласында 8 жоба жүзеге асады. Ал, Сәтбаев пен Ұлытау аудандарында кәріз желісін ауыстыру жұмыстары қолға алынбақ. Сонымен қатар, Қарағанды, Балқаш, Саран және Шахтинск қалаларында жылу желілері жаңадан тартылып, Шахтинск қаласында электр желісі салынады. Бұдан бөлек, Қарағандыда жол жөндеу жұмыстары қолға алынады.

Жол картасының тағы бір игілігі – ұзақ жылдар бойы жөндеу көрмей, тозып тұрған 458 мәдени-әлеуметтік нысанға, инженерлік-транспорттық инфрақұрылымға және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық

нысандарына жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, елді мекендерді абаттандыру бойынша 134 жоба іске аспақ. Оның аясында 47 көшеге жарық шамдары орнатылып, 2 көшеге жасыл желектер отырғызылады, сондай-ақ, 27 саябақ пен сквер жаңғыртылып, иесіз тұрған 4 нысан құлатылады және 9 балалар мен спорт алаңдары ашылады.

Жалпы алғанда Жұмыспен қамтудың жол картасы 140 елді мекен аумағында жүзеге асады. Жұмысқа орналасқан азаматтың жалақысы 2 ең төменгі айлық, яғни, 85 000 теңге шамасында болады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында басқа жерге барып жұмыс істеуге ниет білдірген азаматтарға 85 000 теңге көлемінде көтерме ақы төленеді.

Қазіргі таңда Жол картасына қатысушыларды анықтау, жөндеу жұмыстарының кестесін жасау және отандық өндірушілерді тарту мақсатында жұмысқа қажетті құрылыс материалдарының көлемін нақтылау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бағдарлама әкімшілеріне және қалалар

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мониторингі

Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне қарай «Жұмыс орындарын құрудың интеграцияланған картасы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру және абаттандыру жөнінде есептер ұсынады, онда:

1) жұмыс түрлері мен объектілер бойынша басталған (аяқталған) жобалардың саны, инфрақұрылымдық жобалар бөлінісінде орындалған жұмыстардың көлемі;

2) құрылған жұмыс орындарының саны және халықты жұмыспен қамту орталығының жолдамасы бойынша жұмысқа орналастырылған жұмыссыздар саны, сондай-ақ олардың орташа айлық жалақысының мөлшері;

3) бөлінген нысаналы трансферттердің игерілуі, уақтылы игерілмеу себептері туралы мәліметтер қамтылады.

Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері тоқсан сайын Жол картасының іске асырылу барысы туралы ВАК-қа есеп береді.

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Жұмыс орындарының құрылуын мониторингтеу» интеграцияланған картасы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жұмыс орындарын құру және жұмыссыздарды халықты жұмыспен қамту орталықтарының жолдамалары бойынша жұмысқа орналастыру фактісіне, жұмыс ұзақтығы мен орташа жалақы мөлшеріне мониторинг жүргізеді.

Жергілікті жерлерде Жол картасын іске асырудың жедел мониторингін жергілікті деңгейде Жол картасын іске асыруды үйлестіру және мониторингтеу жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

Президент тапсырмасын орындай отырып

мен аудандардың басшыларына Жұмыспен қамтуың жол картасы аясында сатып алынатын жұмыс пен қызмет түрлеріне қойылатын талаптар жіберілді. Сонымен бірге, аудандар мен қалалардағы жұмыспен қамту орталықтарының базасында 18 қозғалмалы рекурт бекеттері ашылып, автокөлікпен қамтамасыз етілді.

Жүзеге асатын инфрақұрылымдық жобаларға ресми тіркеуде тұрған жұмыссыздар жіберіледі. Оның ішінде, жұмыссыз жастарға ерекше көңіл бөлінеді. Бүгінгі таңда еңбек ресурсында 9715 адам бар. Олар – бетоншы, тас қалаушы, электрлік, дәне-керлеуші және басқа да мамандық иелері.

WhatsApp желісінде онлайн-кеңес беру тобы ашылған, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде Жұмыспен қамтудың жол картасы туралы және инфрақұрылымдық жобаларға жұмысқа қабылдау жайлы ақпараттар жарияланған.

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ



«ЕҢБЕК ЖОЛЫ»-2020 КОНКУРСЫ

2020 жылғы 15 наурыз бен 30 мамыр аралығында «Еңбек Жолы» байқауына қатысуға ниеттенген үміткерлерден өтінімдер қабылдана бастайды.

Конкурс «Үздік еңбек әулеті», «Өндірістің үздік жас қызметкері», «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» номинацияларынан тұрады.

Аталған конкурс жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу мақсатында үздік еңбек әулеттері мен өндіріс қызметкерлерін анықтайды. Конкурс қоғамдағы еңбек адамының мәртебесін арттыруға және «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» ұраны аясында еңбек өнімділігін ынталандыруға ықпал етеді. Конкурс 2 кезеңде өтеді: «Еңбек жолы» конкурсы жеңімпаздарын облыстық және республикалық деңгейде іріктеу.

Республикалық комиссия жеңімпаздарды конкурстың әр номинациясы бойынша (бірінші, екінші, үшінші орындар) анықтайды.

Конкурсқа кәсіпорындардың (саласына қарамастан) барлық қызметкерлері қатыса алады.

«Үздік еңбек әулеті» — ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар ең үлкен әулет таңдалады.

«Өндірістің үздік жас қызметкері» — өндірістің еңбек өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор қызметкері таңдалады.

«Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» — кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең белсенді және тиімді тәлімгер таңдалады.

Конкурстың әр номинация бойынша жеңімпаздарды ақшалай марапаттау мақсатында 1 орынға - 1 000 000 (бір миллион) теңге, 2 орынға - 500 000 (бесжүз мың) теңге, 3 орынға - 200 000 (екіжүз мың) теңге мөлшерінде сертификаттар беріледі.

«Еңбек Жолы» конкурсын өткізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстарға сәйкес «Еңбек Жолы» облыстық конкурсына қатысу үшін үміткерлерден алынған ресімделген материалдарды «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ (Приозерск қ. Балхаш к., 5 т. 5-49-40) 2020 жылғы 29 мамыр күні сағат 17-00-ге дейін мерзімде ұсыну қажет.

Еңбек әулеттерінің өкілдерін, ынталы жас қызметкерлерді және олардың тәлімгерлерін Конкурсқа белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ



КОНКУРС «ЕҢБЕК ЖОЛЫ»-2020

С 15 марта по 30 мая 2020 года стартует прием заявок от претендентов для участия в конкурсе «Еңбек Жолы».

Конкурс включает в себя три номинации: «Лучшая трудовая династия», «Лучший молодой работник производства», «Лучший наставник работающей молодежи».

Данный конкурс определяет лучшие трудовые династии и работников производства в целях воспитания молодежи в духе уважительного отношения к труду, сохранения и приумножения трудовых традиций. Конкурс способствует повышению статуса Человека труда в обществе и стимулирования производительности труда под эгидой «Общества всеобщего труда».

Конкурс проводится в 2 этапа: отбор победителей конкурса «Еңбек Жолы» на региональном уровне и на республиканском уровне.

Республиканская комиссия определит победителей по каждой номинации (первое, второе и третье места).

В Конкурсе могут участвовать все работники предприятий (вне зависимости от отрасли). «Лучшая трудовая династия» - выбирается самая многочисленная династия с самым продолжительным трудовым стажем, имеющая наибольшее количество наград. «Лучший молодой работник производства» - выбирается самый активный и трудолюбивый работник производства со стажем работы не более 5 лет.

«Лучший наставник работающей молодежи» - выбирается самый высокоэффективный наставник со стажем работы не менее 20 лет.

В целях денежного вознаграждения победителей по каждой номинации Конкурса будут предоставляться денежные сертификаты за 1 место - 1 000 000 (миллион) теңге, за 2 место - 500 000 (пятьсот тысяч) теңге и 200 000 (двести тысяч) теңге за 3 место соответственно.

Материалы от претендентов, оформленные в соответствии с методическими рекомендациями по проведению конкурса «Еңбек Жолы», необходимо предоставить в ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» (г. Приозерск, ул. Балхашская, 5, тел 5-49-40) в срок до 17-00 ч. 29 мая 2020 года для участия в областном конкурсе «Еңбек Жолы».

Призываем принять активное участие в Конкурсе, как представителей трудовых династий, так и инициативных молодых работников, а также их наставников.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР

Құрылу тарихы

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап-ақ азаматтық қоғамның үкіметтік емес ұйымдар деп аталатын құрылымына ерекше көңіл бөлінуде. Үкіметтік емес ұйымдардың даму деңгейі азаматтық қоғамның қаншалықты пісіп-жетіліп, өсіп-өнгенін және елдегі демократиялық үдерістердің даму дәрежесін айғақтасыз айқындап береді.

Жоғарыда айтқанымыздай, үкіметтік емес ұйымдарды дамытудың конституциялық негіздері егемендіктің ақ таңы атқан кезде-ақ енгізілген болатын. Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-ші бабында елімізде идеологиялық және саяси әр алуандылық танылатыны, қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей екені, қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейтіні айқын жазылған.

Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың қалыптасу тарихына отыз жылдан астам уақыт өтті. Еліміздегі үкіметтік емес ұйымдар қызметі дамуының алғашқы кезеңі ХХ ғасырдың 80-ші жылдары мен 1994 жыл аралығын қамтиды. Отандық және шетелдік сарапшылардың бағалауынша, бұл кезеңде 500-ге жуық үкіметтік емес ұйымдар құрылып, олардың дені негізінен азаматтардың құқықтарын қорғау бағытында жұмыс істеген. Үкіметтік емес ұйымдарға қатысты мемлекеттік саясат аталған уақытта жалпы ұстанымдар мен бағыттарды анықтап алуға бағдарланды.

1994 жылдан 1997 жылға дейін жалғасқан екінші кезең үкіметтік емес ұйымдардың саны 500-ден 1600-ге дейін өсуімен және әртүрлі халықаралық қорлар мен ұйымдардың тарапынан қаржылай қолдау көрсету әрекеттерінің артуымен ерекшеленді. Бұл жылдары үкіметтік емес ұйымдардың басым көпшілігі ірі қалаларға шоғырланып, қызмет түрлері бойынша жүйеленіп, іріктеле бастады. Дегенмен

мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдарға қатысты ұстанымы әлі де нақтылана қоймаған еді, жалпы жұмыс жүргізілгенімен, азаматтық қоғам өкілдерімен өзара қарым-қатынас жасаудың бірыңғай жүйесі бір ізге түспеген болатын.

Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдары дамуының үшінші кезеңі 1998 жылдан 2005 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Сарапшылардың бағалауы бойынша, бұл – аталған саланың түбегейлі сапалы өсіп-өркендеу дәуірі болды. Өйткені осы кезең мемлекет тарапынан үкіметтік емес ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасаудың жүйелі жүйесін жүзеге асыру туралы мәселе күн тәртібіне нақты түрде қойылуымен сипатталады. Дәл осы жылдарда маңызды нормативтік құқықтық актілер қабылданып, алғашқы стратегиялық құжаттар дүниеге келді.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен 2003 жылы І Азаматтық Форум өткізіліп, ұлттық деңгейде мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы тұрақты түрдегі пікір алмасу және өзара ақылдасып отыру дәстүрінің негізі қаланды. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» №36 Заңы қабылданып, еліміздің мемлекеттік органдарының және үкіметтік емес ұйымдарының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруы үдерісінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеудің құқықтық негізі жасалды. Бұл Заңда: «Үкіметтік емес ұйым – ортақ мақсаттарға жету үшін азаматтар және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті негізде құрған коммерциялық емес ұйым (саяси партияларды, кәсіптік одақтарды және діни бірлестіктерді қоспағанда)», - деген анықтама берілді. Сонымен бірге осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс процесін құқықтық реттеу принциптері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті, уәкілетті органның құзыреті, мемлекеттік органдардың құзыреті, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру

салалары, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландыру және оның бюджеттік қаражатын пайдалану, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың орындалуын бақылау мәселелері нақтыланды.

2005 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі төртінші кезеңде мемлекеттік билік органдары мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара бірлескен іс-қимылы мен үкіметтік ұйымдарды мемлекеттік қорғаудың барлық жақтарын сапалы түрде жетілдіру үдерісі жүріп жатыр.

Елбасымыздың 2006 жылғы 25 шілдедегі №154 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасында қазіргі кезеңдегі Қазақстанда азаматтық қоғамды дамытудың негізгі үрдістері талданады, сондай-ақ азаматтық қоғамды дамытудың алдағы жылдарға арналған жолдары мен нақты тетіктері баяндалған. Тұжырымдама азаматтық қоғам институттарын дамытудың негізгі бағыттары мен азаматтық бастамаларды іске асыру мүмкіндіктерін айқындайды. Ол азаматтық институттардың жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған мақсатты бағдарламалар, заңнамалық және басқа нормативтік құқықтық актілер әзірлеу үшін негіз болады.

Тұжырымдаманың мақсаты адам құқықтары мен адами өлшем саласындағы халықаралық шарттар мен пактілер шеңберіндегі халықаралық-құқықтық құралдарға сәйкес азаматтық қоғам институттарын жан-жақты дамыту әрі олардың мемлекетпен және бизнес-секторлармен тең құқылы серіктестігі үшін заңнамалық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-әдістемелік базаны одан әрі жетілдіру болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін күш-жігерді негізгі бес міндетке шоғырландыру қажет деп белгіленген: адам, оның құқықтары мен бостандықтары басты құндылық болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру; үкіметтік емес

ұйымдар, бизнес-сектор және мемлекет арасында үйлесімді, тең құқылы әрі серіктестік қатынастар жүйесін құру; үкіметтік емес ұйымдар жобаларына бизнес-сектордың қатысуы үшін экономикалық ынталандырулар әзірлеу, қайырымдылық пен меценаттықты дамыту; азаматтық қоғамның барлық институттарын дамыту үшін қолайлы құқықтық база қалыптастыру; өмір сүру сапасының жоғарғы стандарттарына қол жеткізу, еңбек қатынастарын үйлестіру, халықтың бай және кедей жіктері кірістерінің арасындағы айырмашылықты қысқарту.

Кейінгі он жылға жуық уақыт ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландыру және оны жүзеге асырудың салалары кеңейе түсті. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі – билік орындарының үкіметтік емес ұйымдардың талдау-сараптамалық қызметтер атқарудағы үлкен мүмкіндіктерін мойындауы және оны белгілі бір аумақтарды басқару барысында пайдалану жүйесінің жасалуында болды.

Сондай-ақ аталған саланың дамуы азаматтардың әртүрлі тұрғыдағы құқықтарын қорғау жөніндегі қозғалыстардың пайда болуымен, анығырағы, қайта жаңғыртылуымен сипатталады. Бұл, бір жағынан, азаматтық сана дейгейінің арта түсуін дәлелдесе, екінші жағынан, билікпен тікелей байланыс орнатып, тұрғындардың белгілі бір тобының мүдделерін қорғай алатын күшті құқық қорғау ұйымдарының тапшы екенін көрсетті. Ал мұның өзі көп жағдайда екі жақтың өзара тіл табыса іс-әрекет жасауына кедергі болып жатты. Бүгінде билік орындары мен азаматтық қоғамның бір-бірімен текетіреске бара бермей, керісінше, өзара ынтымақтаса қимылдап, өзекті мәселелерді бірлесіп шешуі арқылы жетістікке жетуге болатынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» по материалам сайта <http://zertteushi.kz>

Стоп - коррупции!

Департамент Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба) по Карагандинской области реализует проект по антикоррупционному сопровождению инвесторов и предпринимателей Карагандинской области. Проект реализуется в рамках проектного офиса «Protecting business and investments». Целью которого, является создание благоприятной ситуации для развития бизнеса и инвестиций, а также укрепление доверия бизнеса и инвесторов к институтам государственной власти.

Данный проект подразумевает защиту инвесторов и предпринимателей от административного давления и любых проявлений коррупции. Это принципиально новый проект по укреплению благоприятного инвестиционного климата, используя передовые превентивные механизмы противодействия коррупции. Мы будем оказывать содействие каждому инвестору, который испытывает трудности при взаимодействии с государственными институтами, начиная с самых первых этапов реализации проекта. Основным инструментом данного проекта является организация сопровождения предпринимателей, осуществляющих инвестиционные проекты, в том числе с долей привлечения иностранного капитала.

Не позволить созданию противоправных действий в отношении инвестора, обеспечить прозрачное и эффективное его взаимодействие с институтами государственной власти. Это и есть главная цель реализуемого проекта.

В рамках проекта будут созданы все необходимые условия для защиты от незаконного вмешательства в деятельность бизнес-сообщества и инвесторов.

С момента начала работы фронт-офиса департаментом была оказана помощь более 20 предпринимателям. По некоторым фактам государственные служащие уполномоченных органов были привлечены к административной и дисциплинарной

АНТИКОРРУПЦИОННОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ИНВЕСТИТОРОВ И ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ответственности. Антикоррупционное ведомство уделяет особое внимание информационно-разъяснительной работе. Антикоррупционная служба готова отстаивать законные интересы бизнесменов и защитить их права.

С начала 2020 года в рамках проекта «PROTECTING BUSINESS AND

выявления и определения проблемных вопросов и сложностей при их реализации.

На сегодняшний день уже имеется немалое количество разрешенных вопросов. Прямое общение с инвесторами позволило выявить моменты, мешающие развитию бизнеса и предпринимательства в регионе.

Так, участие в проекте по защите прав

нобиологических, биофармацевтических, а также оригинальных лекарственных препаратов. Данная специфика производства является инновационной, и не имеет аналогов в Республике Казахстан. Предприятие производит препараты для лечения онкологических заболеваний, для лечения заболеваний эндокринной системы, для лечения сахарного диабета, для лечения заболевания ВИЧ, Гемостатические препараты, противовирусные и иммуномодулирующие препараты, плазмозамещающие препараты и является стратегическим важным объектом, особенно в период ЧП. В ходе реализации своей деятельности работники предприятия столкнулись с административными барьерами в условиях ЧС. В рамках заключенного соглашения барьеры были «сняты» и вопрос был решен положительно в пользу ТОО.

Обращаться за помощью к сотрудникам антикоррупционной службы инвесторы и предприниматели могут в том случае, если столкнулись с бюрократическими барьерами и неправомерными коррупционными действиями. Сопровождение всех проектов позволит создать благоприятный инвестиционный климат в стране. Специалисты департамента намерены трудиться, чтобы предприниматели спокойно и свободно развивали свой бизнес.

В свою очередь единственным требованием соглашения для инвестора является обязательство вести честный и прозрачный бизнес.

По всем интересующим вопросам обращаться в антикоррупционный центр «ANTIKORORTALYGY», расположенный по адресу: г.Караганда ул.Алиханова 12, или по телефону: 8(212)913600.

ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»

<p>ПАРА АЛУ – БҮЛ ҚЫЛМЫС</p> <p>АЙЫПНӘМӘСІ (1 501 408 теңге көлемінде)</p> <p>АЙЫПНӘМӘСІ (параның 50 еселенген сомасы мөлшерінде) немесе БАС ВОСТАДЫҒЫНЫҒАН АЙЫПНӘМӘСІ (мүлкі тәркіленіп, 15 жылға дейінгі мерзімге)</p>	<p>ПОЛУЧЕНИЕ ВЗЯТКИ – ЭТО ПРЕСТУПЛЕНИЕ</p> <p>ПЕНӘАД (в размере 1 501 400 теңге)</p> <p>ПЕНӘАД (в размере 50 кратной суммы взятки) либо ДІЛДІНГІНІ СӨЗБӨДІ (сроком до 15 лет с конфискацией имущества)</p>
<p>1424 call centre</p> <p>СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ФАКТТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАҒАНЫ ҮШІН КӨТЕРМЕ: 1424 00 190 1000000 554 700 1000000 1000000</p>	<p>1424 call centre</p> <p>ПОШЕРЕНІЕ ЗА СООБЩЕНИЕ О ФАКТАХ КОРРУПЦИИ СОСТАВЛЯЕТ: 07 00 190 1000000 554 700 1000000</p>

INVESTMENTS» на площадке сервисного центра «Antikorortalygy» между Антикоррупционной службой по Карагандинской области и представителями бизнес-сообщества, выразивших свое доверие к антикоррупционной службе, подписаны 5 соглашений об антикоррупционном сопровождении бизнеса.

На сегодняшний день к антикоррупционному сопровождению присоединились 46 инвесторов и предпринимателей области, с общей суммой запланированных инвестиций более 1 триллиона 400 миллиардов тт.

В целях реализации подписанных антикоррупционных соглашений, на постоянной основе сотрудниками проектного офиса осуществляется мониторинг состояния реализации инвестиционных проектов для

инвесторов и бизнеса «Protecting business and investments» для ТОО «Найдоровское» стало особенно актуально.

ТОО «Найдоровское» поддержало участие и взаимодействие в рамках подписанного соглашения. В результате совместной работы и при содействии филиала «Казхателеком» предприятие получило технические условия на установку антенно-передающего оборудования на антенно-мачтовом сооружении, которое в течение долгого времени не имело возможность его получить.

Кроме того, в Антикоррупционную службу за помощью обратилось руководство ТОО «Карагандинский Фармацевтический комплекс». ТОО «Карагандинский фармацевтический комплекс» специализируется на производстве имму-



Электрондық форматқа көшірі

Ана тіліне жанашырлық

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» ММ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының барлық аумағындағы және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізілген болатын.

Қарағанды облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 6 сәуіріндегі №10 қаулысына сәйкес Қарағанды облысы аумағында халық өміріндегі кәсіпкерлік және өзге де қызмет түрлеріне ерекше шарттармен карантин режимі енгізілген.

Соған орай, мемлекеттік мекемеге түсетін мемлекеттік қызметтер негізіндегі барлық өтініштер электронды форматқа ауыстырылды. Яғни ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2020 жылғы 25 наурыздағы № 109 «Төтенше жағдай кезеңінде әлеуметтік-еңбек саласындағы кейбір мемлекеттік қызметтерді көрсету және халықтың жекелеген санаттарын азық-түлік және тұрмыстық жиынтығымен қамтамасыз ету қағидалары» бұйрығына сәйкес, Приозерск қаласының

жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде көрсетілетін 15 мемлекеттік қызметтің 11 қызметі «электронды үкімет» веб-порталы арқылы электрондық құжат айналымына түседі.

2020 жылдың I тоқсан қорытындысы бойынша 422 мемлекеттік қызметтер көрсетілді, оның ішінде қызмет көрсетушімен (Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілгенді есептегенде) қағаз жүзінде көрсетілгендер 98, қызмет көрсетушімен (Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілгенді есептегенде) қағаз жүзінде, бірақ «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы және (немесе) Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілуі мүмкін мемлекеттік қызметтер 262, Мемлекеттік корпорация арқылы 61 және «электронды үкімет» веб-портал арқылы 1 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

«КӨРНЕКІ АҚПАРАТ ПЕН ЖАРНАМАҒА – САУАТТЫЛЫҚ!» АКЦИЯСЫ

2020 жылдың I тоқсанында Приозерск қаласында көрнекі ақпаратты ресімдеу, объектілердің маңдайшаларында жарнамалық сілтемелерді сауатты жазу, нысандарға атау беруде тіл заңнамасын сақтау, ұлттық құндылықтарға бейімдеу, эстетикалық талғам, этика талаптарын ескеру мақсатында облыстық «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға – сауаттылық!» атты айлық ұйымдастырылып өтті.

Аталған айлық аясында барлығы 105 нысан қамтылды. Аталған нысандардың маңдайша жазулары мен жарнамаларының Қазақстан Республикасының Тіл туралы және Жарнама туралы заңнамаларына сәйкестігі бойынша әдістемелік көмек көрсетілді. Айлықты жүргізу барысында К.Бабажановқа қарасты «Ақбұлақ» сауна-

сының жұмыс уақыты туралы ақпарат тек орыс тілінде ресімделген, алайда 1 ай көлемінде заңнамаға сәйкес жөнге келтірілді. Сонымен қатар, С.Пердебаевқа қарасты «Алматы Донер» нысанының тұрғындарға арналған жарнамасы тек ағылшын тілінде жазылғандықтан, 1 апта көлемінде аталған жарнама алынып тасталды. Қала көшелері бойынша нысандардағы жазылған әрбір маңдайшадағы жарнамаларды көз салып, ондағы тіл тазалығының сақталуына ерекше мән беретін болсақ, ана тіліміздің әуездігін сақтап, табиғатын бұзбай, дұрыс, мәдениетті жазуды қалыптастыратын боламыз.

«Приозерск қаласы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

Приозерск қаласының тұрғыны Кудекова Гүлнұр Токенқызының 45 жас мерейтойына әкесі Кудеков Төкеннің құттықтау өлеңі

ТУҒАН КҮНГЕ АРНАУ

Туған күнің құтты болсын құлыным,
Сәби болдың желбіреген тұлғым,
Шаңырағы берік алтын ордаңа
Жиналыпсың құда-жесекжат,
Бауырларың біз бүгін.

Туған күнің құтты болсын құлыным,
Өзім өскен ұямдағы гүл нұрым,
Ұзақ жасап бақытты бол өмірде,
Төге берсін әр уақытта күн нұрым.

Ержан менен екеуіңді құдайым,
Өмір бойы тату қылсын лайым.
Аман болсын бала-шағаң, отбасың,
Бір алладан соны ғана сұраймын.

Балапаның Алинаң мен Гүлмираң,
Өзің үшін қартиярда гүл жисан.

Аман есен ұясына қондырсаң
Қандай ана бас тартады бұл сыйдан.

Зер салып қарап жүрсең Манатыңа,
Әрқашан аман жүрер қанатың да.
Дияс пен Ильястың, Мадина мен
Миланың
Түсіндірсеі өзіңді санасына.

Құлыным осыменен тәмам болсын,
Отырған бауыр туыс аман болсын.
Балаларға сыртынан қорған болып,
Екеуің ден саулығың аман болсын.
Құлыным қазір менің шешемдейсің,
Бағыт пен бағдар берер көсемдейсің.
Бар тілегім өздеріңмен бірге жүріп,
Өмірім 100-ге келіп жетсем деймін.

Балам, бақытты болыңдар!
Әкең Кудеков Төкен

ХАБАРЛАНДЫРУ



Ағымдағы жылы халықты жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында Приозерск қаласында 2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасы бағдарламасы аясында, жалпы сомасы 893 300,0 мың теңгені құрайтын 10 жобаны іске асыру басталды. Осы инфрақұрылымдық жобалар бойынша 224 жұмыс орны құрылды, оның ішінде жұмыспен қамту орталықтары арқылы – 111 адам. Бүгінгі күні үш жобаға 18 адам жұмысқа орналастырылды. Жобаларға жұмысқа орналастыру жұмыстары жалғасуда. Осыған байланысты, халықты жұмыспен қамту орталығы мамандарды қажетті мамандықтар (сырлаушы, сылақшы, электр-газбен дәнекерлеуші, кесуші, стропольші, әр түрлі жұмысшы) бойынша іріктеуді жүзеге асыруда. Жобаға қатысушылардың жалақы мөлшері барлық салық төлемдерімен міндетті аударымдарды қоса алғанда, кемінде 85000 теңгені құрайды.

Барлық сұрақтар бойынша "Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" КММ 5-23-17, 5-27-88 телефондары бойынша хабарласуларыңызға болады.

"Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" КММ

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В текущем году в рамках программы Дорожная карта занятости 2020-2021 гг., в целях обеспечения занятости населения в городе Приозерск началась реализация 10 проектов на общую сумму – 893 300,0 тыс. тенге.

По данным инфраструктурным проектам созданы 224 рабочих мест, в том числе через центры занятости населения – 111 человек. На сегодняшний день трудоустроено 18 человек на три проекта. Работа по трудоустройству проектов продолжается. В связи с этим, центром занятости населения осуществляется подбор специалистов заработная плата который составляет не менее 85000 тенге, включая обязательные отчисления со всеми налоговыми платежами по востребованным специальностям. (маляр, штукатур, электро-газосварщик, резчик, стропольщик, разнорабочие)

По всем интересующим вопросам просим обратиться в КГУ «Центр занятости населения акимата города Приозерск» по телефонам: 5-23-17, 5-27-88.

КГУ «Центр занятости населения акимата города Приозерск»

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру. Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107
Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник

Занесите по телефону:
мастера-парикмахеры:
8-775-274-25-87 (Анталей),
8-747-970-25-81 (Карлыгаш).
На маникюр:
8-708-235-35-19 (Анастасия)



Уважаемые жители города Приозерск!

Приглашаем вас посетить наш бутик "Золушка", расположенный на центральном городском рынке. Вашему вниманию рекомендуем высококачественную косметику производства Южная Корея, средства ухода за кожей лица и тела, витаминные комплексы, бальзамы корпорации "Сибирское здоровье". Принимаются заказы на доставку продукции по каталогу.

Также, наш бутик является точкой бесплатного распространения местной газеты "Приозерский вестник". Контактный телефон: 8-777-103-8589



Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сагпаева 15, Заказ № 20/664. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2, 8 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041